

**"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сыртқы мемлекеттік қаржылық бақылауды жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 21 шілдедегі Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы**

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2011 жылғы 24 тамыздағы № 111-ө  
Өкімі

1. Қоса беріліп отырған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сыртқы мемлекеттік қаржылық бақылауды жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 21 шілдедегі Заңын іске асыру мақсатында қабылдануы қажет нормативтік құқықтық актілердің тізбесі (бұдан әрі – тізбе) бекітілсін.

2. Мемлекеттік органдар:

1) тізбеге сәйкес нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлесін және белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізісін;

2) тиісті ведомстволық нормативтік құқықтық актілерді қабылдасын және Қазақстан Республикасының Үкіметін қабылданған шаралар туралы хабардар етсін.

*Премьер-Министр*

*К. Мәсімов*

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

П р е м ь е р - М и н и с т р і н і ң

2 0 1 1

ж ы л ғ ы

2 4

т а м ы з д а ғ ы

№

1 1 1 - ө

ө к і м і м е н

бекітілген

**«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сыртқы мемлекеттік қаржылық бақылауды жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»**

**Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 21 шілдедегі Заңын іске асыру мақсатында қабылдануы қажет нормативтік құқықтық актілердің тізбесі**

Р/с №	Нормативтік құқықтық актінің атауы	Актінің нысаны	Жауапты мемлекеттік органдар	Орындалу мерзімі
1	2	3	4	5
1.	«Базалық лауазымдық жалақының мөлшерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 25			2011 жылғы тамыз

	қаңтардағы № 123 қаулысына өзгеріс енгізу туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	Қаржымині жинақтау), ЭДСМ	(
2.	«Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 24 сәуірдегі № 387 қаулысына өзгеріс енгізу	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	Қаржымині	2011 жылғы тамыз
3.	Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарына көлік қызметін көрсету үшін қызметтік автомобильдерді пайдалануды ретке келтіру туралы» 1999 жылғы 27 мамырдағы № 663 және «Мемлекеттік органдардың аппаратын және ерекше үй-жайларын орналастыруға арналған алаңдар нормалары мен телефон байланысын пайдалану үшін тиесілілік нормалары және Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2011 жылғы 31 наурыздағы № 335 қаулыларына толықтырулар енгізу туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	Қаржымині жинақтау), ЭДСМ	( 2011 жылғы тамыз
4.	Облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың тексеру комиссиялары туралы үлгі ережені бекіту туралы	Есеп комитетінің қаулысы	Есеп комитеті келісім бойынша)	( 2011 жылғы тамыз
5.	Сыртқы мемлекеттік қаржылық бақылау органдарының үйлестіру кеңесін қалыптастыру және қызметін ұйымдастыру қағидасын бекіту	Есеп комитетінің қаулысы	Есеп комитеті келісім бойынша)	( 2011 жылғы тамыз
6.	Жоспарлау және сыртқы мемлекеттік қаржылық бақылау жүргізген кезде тәуекелдерді басқарудың үлгі жүйесін бекіту туралы	Есеп комитетінің қаулысы	Есеп комитеті келісім бойынша)	( 2011 жылғы тамыз
7.	Мемлекеттік қаржылық бақылау органдары қызметкерлерінің біліктілігін арттыру қағидасын бекіту туралы	Есеп комитетінің қаулысы	Есеп комитеті келісім бойынша), Қаржымині	( Қазақстан Республикасы Президентінің тиісті Жарлығы қабылданғаннан кейін бір ай ішінде
8.	«Мемлекеттік бағдарламаларға, орталық мемлекеттік органдардың стратегиялық жоспарларына, аумақтарды дамыту бағдарламаларына және жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органдардың стратегиялық жоспарларына бағалау жүргізу ережесін бекіту туралы» Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 2010 жылғы 1 шілдедегі № 17-Қ-қаулысына өзгеріс енгізу туралы	Есеп комитетінің қаулысы	Есеп комитеті келісім бойынша)	( 2011 жылғы тамыз

